

**№8 ЖББМ-тің 9-11 сынып оқушыларына арналған  
«Мамандығым-мақтанышым» атты кездесу кешіне  
АҚПАРЛАМА**

Мамандық таңдау- тек оқу мен диплом алу ғана емес, бұл өз өмір жолыңды дұрыс таңдау. Мамандықты дұрыс таңдау-бұл ұзақ кәсіби өмірде сенімділік пен жан тыныштығы. Тек өзіне ғана емес, бүкіл қоғамға пайдалы қызмет етудің алғы шарты.

Осыған орай 2024/2025 оқу жылының 22.11.2024 күні мектебіміздің тәлімгерімен бірлесе ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларына арналған «Мамандығым-мақтанышым» атты кездесу өтті. Бұл кездесу оқушыларымызға мамандық таңдау бағытында толыққанды ақпараттандыру және дұрыс бағыт-бағдар беру, мамандық әлемі және ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, оқушыларға патриоттық тәрбие беру, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету үшін ұйымдастырылған болатын.

Бұл шараға Жетібай ауылдық ауруханасының дәрігері Хасан Жамбыл Қайратұлы, Жетібай ауылдық өрт сөндіру бөлімшесінің қызметкерлері: , мектебіміздің аяулы ұстазы Қожалықова Аягөз және мектебімізді әсем суреттермен көркемдеген суретшіміз Зере қатысты.

Басқосуда келген қонақтарымыз кез келген шәкірттің алдында мамандық таңдау мәселесі тұратынын, оны дұрыс таңдаудың маңызы өте зор екенін айта отырып, оқушыларға тілектестік білдірді.

Кездесуде мамандық таңдауда кездесетін қателіктердің келешекте қандай әсері болатыны, мамандықты дұрыс таңдауда қойылатын талаптар мен оқу шарттары туралы ақыл-кеңестер берілді. Оқушылар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Кеш соңында оқушылар қонақтарға алғысын білдіріп, өз өнерлерін ортаға салды.